

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТИН  
МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖУРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСПОРНЫҢДА ӨТКІЗІЛГЕН  
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫң  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

*Шымкент қаласы*

*24.12.2024ж.*

**Қатысқандар:**

- 1) Усманов Б.Н.- кеңес тәрағасы, мектеп директоры;
- 2) Құрманбай Г.Т.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) Исманова Р.Э.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Утебаев Т.Б.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 6) Куандық Н.Т. - кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 7) Сеймурат Ж.Л. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 8) Асилбекова З.Б. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 9) Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы;
- 10) Тасходжаева Г.Р. – хатшы

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. I жарты жылдықта себепсіз сабакқа қатыспаған оқушылар, үнемі сабакқа кешігіп келетін оқушылар туралы.

*/ДТІЖО Г.Т.Құрманбай/*

2. II тоқсан барысында сабак уақытында сұранбай, ескертусіз мектептен шығып кететін және тәртібі нашар оқушылар туралы

3."Сенім жәшігінің" жұмысы туралы

*Педагог-психолог /К.Д.Бекбосынова Н.Т.Куандық/*

4. Кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп инспекторымен бірлесіп атқарылған жұмыстар туралы.

*/ДТІЖО Г.Т.Құрманбай/*

*/Мектеп инспекторы Ж.Ж. Серікбаев/*

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** I ауысым бойынша 8-11 сынып оқушыларының I жарты жылдықта себепсіз сабакқа қатыспаған оқушылар, үнемі сабакқа кешігіп келетін оқушылар туралы және шара қолдану заңдылықтарына тоқталып өтті.

-2024-2025 оку жылының қыркүйек айынан бастап оқушылардың сабакқа қатысуы туралы мәліметті ашылған ватсап желісі арқылы сынып жетекшілерден күнделікті алып отырамыз.

Себепсіз сабактан қалған балаларға айыппул салу жайлары КР Білім және ғылым министрлігінің ешқандай бүйріғы жоқ. Бірақ қалалық білім басқармасынан келген сабакқа себепсіз келмейтін оқушылармен жұмыс жүргізу алгоритмімен жұмыс істейміз.

Ата-аналарға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекстегі 127-бап бойынша бала себепсіз

10 күннен астам мектепке келмесе, алдымен ата-анасымен жұмыс жасалынатындығы, бала мектепке мүлдем бармаса Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің «Қазақстан Республикасының білім беру, деңе шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу» туралы 409-баптың 2-тармағында «Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындаудауы немесе тиісінше орындаудауы –

ескерту жасауға немесе 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» дедінген заңнамалармен түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Күн тәртібіндегі екінші, үшінші мәселелерге, яғни “П тоқсан барысында сабак уақытында сұранбай, ескертусіз мектептен шығып кететін және тәртібі нашар оқушылар туралы» және “Сенім жәшігінің” жұмысы туралы мәселесіне педагог-психолог **Бекбосынова Кулдия Даулетқұлқызы** тоқталып өтті.

Мектепшілік сенім жәшігі 1-2 қабатта оқушыларға және ата-аналарға ынғайластырып орналастырылған. Жұмыс жасау қызметі оқушылар мен ата-аналарға, сынып жетекшілерге түсіндіріліп баяндалды. Сенім жәшігіне түсken шағым хаттарды аптасына 1 рет қарау және жұмыс жасауға мектепті директорының бұйрығымен комиссия мүшелері сайланған. Түсken арыз шағымдарымен комиссия мүшелері танысып, «Сенім жәшігінен» арыз-шағымдарды алу Актісі түзіледі. Сенім жәшігіне түсken шағым хаттарды тіркеу және сенім телефонына түсken қонырауларға уақытылы жауап беру, қолда көрсету мектептің психологиярына жүктелген.

П тоқсан барысында сабак уақытында сұранбай, ескертусіз мектептен шығып кететін және тәртібі нашар оқушылар туралы» анықталған оқушылардың сынып жетекшілерімен ата-аналарымен үздіксіз жұмыс жүргізіп жатқандығын айттып өтті.

**«Кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп инспекторымен бірлесіп атқарылған жұмыстар туралы» мәселеге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** тоқталды.**

- Құқық бұзушылық — қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Егер окушы ережені бірінші рет бұзса және бұзушылық елеулі немесе ауыр болмаса (бұл ішкі ережелерде егжей-тегжейлі көрсетілген), онда ол сынып жетекшісімен немесе директордың орынбасарымен, мүмкін, директормен кездеседі, ауызша ескерту алады.

Егер окушы бірнеше рет ережені бұзған болса немесе елеулі немесе ауыр бұзушылықтардың бірін жасаған болса, оның әрекеті мектепшілік тәртіптік комиссиясында қаралады.

Тағы да қайталанса, мектептің ұсынысымен кәмелетке толмағандар ісіне арналған комиссияда қаралады да, әрі қарай полиция департаментімен бірлескен жұмыстар жүргізіледі.

## ЖАРЫС СӨЗГЕ:

### Мектеп инспекторы **Ж.Ж. Серікбаев:**

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ЮПТ-мен және тәрбие бөлімімен бірлескен жоспар бойынша жұмыстар атқарылады. Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу мәселесі қазіргі таңда тәрбие саласындағы маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Себебі, соңғы жылдары мектеп оқушылар арасында құқық тәртіпті бұзушылардың саны көбейе түсude. Осы мақсатта білім беру мекемелерінің жергілікті басқару, ішкі істер органдары, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, ішкі саясат бөлімдері, медицина қызметкерлерімен біріккен іс-әрекеті жоғары сапа мен жұмыс нәтижесін бере алады. Ал егер осы жұмысқа ата-аналар да белсенді ат салысса нұр үстіне нұр болар еді. “Кәмелетке толмаган балалар арасында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу”, «Девиантты міnez құлық танытатын қыздарға арналған арнаіры тәрбиелік шаралар», «Қауіп тобына» жататын балалармен жан-жақты жұмысты жандандыру барлығымыздың міндетіміз.

### Утебаев Т.Б.- кеңес мүшесі, АӘД пәннің мұғалімі;

Құрметті әріптер, қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сініріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сініріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік.

Құқықтық кеңес - заңсыздықты, тәртіп бұзушылықты қарастыратын, себептерді анықтайтын консультативтік-кеңесші үйім, ол тәртіп бұзған адамға қатысты қандай шара қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды. Сондықтан да бала тәрбиесімен жан-жақты айналысып, баланы түзу жолға салу міндетіміз.

**ҚАУЛЫ:**

- 1.Сабактан себепсіз қалатын оқушылармен жұмыстар жандандырылсын.
- 2.«Сенім жәшігінің» жұмысы жүйелі жүргізіліп, жаупты мамандар тарағынан жауапкершілік арттырылсын.
- 3.П тоқсан барысында сабак уақытында сұранбай,ескертсіз мектептен шығып кететін және тәртібі нашар оқушылармен жұмыстарды жүргізу педагог-психологтар мен мектеп инспекторына және сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 4.Кемелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп инспекторымен бірлесіп атқарылған жұмыстар жандандырылсын.

Кеңес төрағасы:

Б.Н.Усманов

ДТІЖО:

Г.Т.Құрманбай

Хатшы

Р.Э.Исманова

Г.Р.Тасходжаева